# ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

*Ең бастысы-*
*еліміздің егемендігі!*
**Қ.Тоқаев**

Егемендік алғаннан бергі тәуелсіз мемлекет талаптарына сай болу үшін мемлекетімізде жаңа ұтымды бағыттарды анықтау қажеттілігі байқалды. Жаңа Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайы мен демократияны дамытуға байланысты жолдауға «Жаңа Қазақстан: жаңарту және модернизациялау» деген атау берілді. Президент жаңа Қазақстанды құру үшін сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде кірісуге шақырып, Қазақстанның дамуы бізден басқа ешкімге қажеті жоқ екенін атап өтті. Айқын мақсатқа жету үшін бірнеше мәселені шешу бойынша жаңа ұсыныстарды нақтылап берді.

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең саналы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жамандылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз ашық болуы керек.

Жаңару мен жаңғыру жолы -руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Кез-келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді.

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек.

**А.ТОҚТАБЕК**
*М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистр, аға оқытушысы,*
**А.АСАНОВА,**
*магистр оқытушы.*